

Мамыр/май 2018 (Казахский фонд)

1.	821.512.122.09 А-13	<p>Абай туралы естеліктер : Абайдың мемлекеттік қорық-музейінің қорынан / Құраст.: Б.Жүнісбеков, М.Қайрамбаева, Ш.Садықова және т.б., Жалпы ред. басқ.: Болат Жүнісбеков. - Алматы : Қаламгер, 2018. - 504 б. - ISBN 978-601-03-0505-2 : 1873т.93т.</p> <p>Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы туралы естеліктер жинағы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ұлы ақынның ЮНЕСКО аясында өткен 150 жылдың мерейтойында жасаған "Абай туралы сөз" баяндамасымен, немере інісі, Әрхам Кәкітайұлы мен туған ұлы Турағұл Абайұлы және замандас шәкірті, көрнекті ақын Көкбай Жанатайұлының абайтанушы, шежіресі Ниязбек Алдажаровтың естеліктерімен ашылған.</p>
2.	821.512.122-3 А-88	<p>Асқаров, Әлібек. Қиғаш хикаясы : Әңгімелер / Асқаров, Әлібек. - Алматы : Раритет, 2018. - 632 б. : сурет. - ISBN 978-601-7445-28-7 : 2613т.60т.</p> <p>Жазушының жаңа жинағына кезінде оқырман қауым жақсы қабылдаған "Әйел парасаты", "Социализм әңгімесі", "Аңшы хикаясы" топтама туындылары "Сафари жазбалары" атауымен жолжазба эсселері, сондай-ақ жылдарғы таңдамалы әңгімелері енгізіліп отыр.</p>
3.	004 Б-19	<p>Байланыс инженерлігіндегі бағдарламалық құралдар : Оқу құралы / М.Ш. Джунисбеков, Т.К. Темиргалиев, Джанузакова, Р.Д. және т.б; ҚР БҒМ М.Х.Дулари атындағы Тараз мемлекеттік университеті. - Тараз , 2017. - 176 б. : сурет. - Библиогр.: б. 173-175. - ISBN 978-9965-37-351-0 : 176т.00т.</p> <p>Оқу құралында, байланыс жүйелеріндегі процесстерді зерттеулерге және зерделеуге арналған бағдарламалық құралдар қарастырылған және мысал ретінде виртуалды зертханалық жұмыстар келтірілген. Зертханалық жұмыстарда, жұмыстарды жүргізу кезегі мен есеп беру талаптары көрсетілген, инженерлік пәндердегі байланыс пен автоматика жүйелерін зерттеу үшін, олардың бағдарламалық қамтылуында нақты өлшеу аспаптарын қолдану мүмкіндіктері қарастырылады.</p>

4.	28 Б-52	<p>Биболатұлы, Бекасыл. Зикзал. 1-ші кітап / Биболатұлы, Бекасыл; Кітапты түпнұсқадан аударғандар.: Оразбай Зәріпбай Жұманұлы, Оразбаев Мұхаммедзафар Зәріпбайұлы. - Астана : Ғылым, 2017. - 912 б. - Сыйға алынды. - ISBN 978-601-7793-64-7. - ISBN 978-601-7793-63-0 : 912т.00т.</p> <p>Қазақ халқынан шыққан ғұлама Бекасыл Биболатұлының (1822-1915 жж) бұл асыл мұрасы «Зикзал» алғаш рет 2005 жылы бір том болып, екінші рет 2011 жылы толықтырылып, екі том болып «Жұлдызнама» деген атпен жарық көрген болатын. Алғашқы нұсқасын аударғандар - Мақсұт Шапиғи мен Сәрсенбі Дәуітұлы, екінші нұсқасын аударған - Абдулла қажы Жолдасұлы. Алғы сөзін жазған - көрнекті мемлекет қайраткері, белгілі ғалым Мырзатай Жолдасбеков. Араб, парсы, түрік-шағатай тілдерінде жазылған бұл аса құнды мұра алғашқы екі басылымда да толық аударылмаған болатын. Соңғы жылдары араб, парсы, түрік-шағатай тілдерінің білгірі, белгілі дінтанушы, Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасы жанындағы Ғұламалар кеңесінің мүшесі Зәріпбай Жұманұлы Оразбай бұл еңбекті толық аударып шығып, 2014 жылы «Нұрлы өрнектер» деген атпен жариялады</p>
5.	28 Б-52	<p>Биболатұлы, Бекасыл. Зикзал. 2-ші кітап / Биболатұлы, Бекасыл; Кітапты түпнұсқадан аударғандар.: Оразбай Зәріпбай Жұманұлы, Оразбаев Мұхаммедзафар Зәріпбайұлы. - Астана : Ғылым, 2017. - 912 б. - Сыйға алынды. - ISBN 978-601-7793-65-4. - ISBN 978-601-7793-63-0 : 912т.00т.</p> <p>Қазақ халқынан шыққан ғұлама Бекасыл Биболатұлының (1822-1915 жж) бұл асыл мұрасы «Зикзал» алғаш рет 2005 жылы бір том болып, екінші рет 2011 жылы толықтырылып, екі том болып «Жұлдызнама» деген атпен жарық көрген болатын. Алғашқы нұсқасын аударғандар - Мақсұт Шапиғи мен Сәрсенбі Дәуітұлы, екінші нұсқасын аударған - Абдулла қажы Жолдасұлы. Алғы сөзін жазған - көрнекті мемлекет қайраткері, белгілі ғалым Мырзатай Жолдасбеков. Араб, парсы, түрік-шағатай тілдерінде жазылған бұл аса құнды мұра алғашқы екі басылымда да толық аударылмаған болатын. Соңғы жылдары араб, парсы, түрік-шағатай тілдерінің білгірі, белгілі</p>

дінтанушы, Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасы жанындағы Ғұламалар кеңесінің мүшесі Зәріпбай Жұманұлы Оразбай бұл еңбекті толық аударып шығып, 2014 жылы «Нұрлы өрнектер» деген атпен жариялады.

Дербісәлин, Әнуар Жақсығалиұлы.

6. 821.512.122
Д-33
- Дәстүр және жалғастық : Монография. Ғылыми-әдеби зерттеулер : Үш томдық шығармалар жинағы. Т.2 / Дербісәлин, Әнуар Жақсығалиұлы. - Алматы : Дәуір-Кітап, 2018. - 480 б. : сурет. - ISBN 978-601-7314-74-3. - ISBN 978-601-7888-16-9(Т.2) : 1650т.00т.

7.	821.512.122 Ә-14	<p>Әбдіразақов, Бекен. Шығармалары. Т.2 / Әбдіразақов, Бекен . - Алматы : Хантәңірі, 2018. - 380 б. - ISBN 978-601-03-0504-5 : 1178т.58т.</p> <p>Қазақтың белгілі ақыны Бекен Әбдіразақов шығармаларының бұл томына автордың кезінде сыншылдар мен оқырман қауым жылы қабылдаған "Жігіт дәурен", "Жырлайды жүрек", "Сағыныш", "Нұрлы түн", "Көгілдір кеш" атты жыр жинақтарынан алынған таңдамалы лирикалық өлең-жырлары, балладалары, поэмалары еніп отыр.</p>
8.	94 Ә-20	<p>Әбілқайыр хан. Аңыз бен ақиқат / Құраст. Ә Қойтанов. - Алматы : Керемет медиа , 2018. - 320 б. - Библиогр. мақала соңында. - ISBN 978-601-80718-2-9 : 1414т.29т.</p> <p>Бұл жинақта Әбілқайыр хан туралы кеңестік және шетелдік тарихшылар қалыптастырған көзқарас, оның кайраткерлігі мен тарихтағы орнына жаңаша қарауға бетбұрыс жасайтын деректер, дәйектемелер келтірілген белгілі тарихшылардың еңбектері топтастырылды.</p>

Жандыбаев, Ғұсман.

9. 821.512.122-4
Ж-26
- Шығармалары : Эсселер, этюдтер. Т.2 / Жандыбаев, Ғұсман. - Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2018. - 400 б. - ISBN 978-601-7472-97-9. - ISBN 978-601-80680-3-4 2т. : 1650т.00т.
- Үш томдық шығармалар жинағының екінші томына ақынның қырық жыл бедерінде (1977 - 2017) қағаз бетіне түсірген, төрт кітаптан тұратын «Оттан түспеген ойлар» эсселер мен этюдтер циклінің «Өмір

формуласы» деп аталатын бірінші бөлімі енді. Әр кезеңнің ойлау, сөйлеу және жазу (грамматика, орфография, пунктуация) қалпы өзгеріссіз сақталды.

Иманасов, Секен Құсайынұлы.

"Саясы самал бәйтерек" : Хикаяттар мен естелік-эсселер / Иманасов, Секен Құсайынұлы; Құраст. Жанар Секенқызы Иманасова. - Алматы : Баянжүрек, 2017. - 246 б. : сурет. - Сыйға алынды. - Библиогр. мақала соңында. - ISBN 978-601-7532-54-3 : 246т.00т.

10. 821.512.122
И-48

Секен Құсайынұлының (Иманасов)бұл кітабына кезінде Халықаралық "Дарабоз" конкурсында жүлделі орындарға ие болған "Бижанбай баба қалқаны", "Жар басында жалғыз үй" атты балаларға арналған хикаяттары мен естелік-эсселері беріліп отыр.

Қарабек, Бауыржан.

Жанарымда бір ғұмыр... / Қарабек, Бауыржан. - Алматы : Дәуір-Кітап, 2018. - 200 б. : сурет. - ISBN 978-601-7888-15-2 : 990т.00т.

11. 821.512.122
Қ-41

Танымал ақын, Халықаралық "Алаш" әдеби сыйлығының лауреаты Бауыржан Қарабектің бұл кітабына, әр кезде жарық көрген өлеңдері мен балладалары "Шәкәрім-дастан" атты дастаны еніп отыр.

Қоңырова, Зәмзә.

Жүрегімнің қалауы : Публицистикалық мақалалар, көркем очерктер / Қоңырова, Зәмзә. - Алматы : Дәуір-Кітап, 2018. - 192 б. - ISBN 978-601-7888-17-6 : 950т.40т.

12. 821.512.122
Қ-65

Қазақстан жазушылар одағының мүшесі ақын Зәмзә Қоңырова қалың оқырман қауымға қаламы қарымды публицист, сценарист әрі кәсіби аудармашы ретінде танылды.

Қошым-Ноғай, Байбота.

Достық жоралғы : Балаларға арналған аударма өлеңдер, тақпақтар, санамақтар, жұмбақтар, ертегілер / Қошым-Ноғай, Байбота. - Алматы : Керемет медиа , 2018. - 288 б. - Библиогр.: б.265-278. - ISBN 978-601-80718-1-2 : 1378т.93т.

13. 821.512.122-93
Қ-69

Нәсіліне, ұлтына, туған жеріне, шыққан тегіне қарамастан ғажайып ғаламшарымыздың түкпір-

		<p>түкпірінде тұратын барлық баланың табиғаты қандай ұқсас десеңші! Тіпті тілі шыға қоймаған әртүрлі ұлттың баласын бір-бірімен жүздестіре қалсаңыз, олар өзара «тіл табысып» кетпей ме? Әдетте біз балаларға ересек адамдарды үлгі ретінде ұсынамыз. Періштедей пәк сезімді, жан дүниесі кіршіксіз таза сәбилердің өзі ересек адамдарға үлгі бола алады емес пе?! Әлемнің алуан тілді ақындарының балаларға арналған туындылары да осыны аңғартады. Ақын Байбота Қошым-Ноғайдың аудармашылық өнерінің бір қырын танытатын бұл кітаптағы ғибратқа толы тәржімелік туындылар да - аударма өлеңдер, тақпақтар, санамақтар, жұмбақтар, ертегілер де алғашқы мүшелі тойлана қоймаған балдырғандарға, сонымен қатар ұрпақ тәрбиесіне бейжай қарай алмайтын балабақша тәрбиешілеріне, ұстаздар қауымы мен ата-аналарға арналады.</p>
14.	821.512.122 М-41	<p>Мекебаев, Адам. Шығармалары. Т.3 / Мекебаев, Адам. - Алматы : Нұрлы Press.kz, 2018. - 384 б. - ISBN 978-601-7572-18-1. - ISBN 978-601-7572-11-2 : 1178т.58т.</p> <p>Қашанда ізденісте жүріп қарапайым халық бастан кешіп жатқан мәселелерді қаламына батыл арқау ететін жазушының бұл томына Байқоңыр космос айлағынан ұшырылып жатқан түрлі зымыранның тек сол төңіректің тұрғындарына немесе адам баласына ғана емес, жалпы жер бетінде қыбырлаған тіршілік атаулы мен көгеріп шығатын көк шөпке дейін зардабын тигізетін экологиялық кеселді-кесапат екенін көркем сөзбен барынша батыл кестелеген «Дауылды жер» романы еніп отыр. Ал қыз баланың бойжеткен кезде түрлі аласапыран сезімге бой алдыруы салдарынан ұшырасатын өкінішті тағдырын суреттейтін «Жар жағалаған қыз» повесі мен бала тәрбиесіне қатысты қым-қиғаш оқиғаға толы «Кездік» повесі де осы томның еншісінде.</p>
15.	821.512.122 М-66	<p>Молдағалиев, Жұбан. Таңдамалы : Өлеңдер, поэмалар / Молдағалиев, Жұбан. - Алматы : Қазақпарат, 2018. - 1116 б. : сурет. - (Әдебиет әлемі). - ISBN 978-601-03-0532-8 : 7128т.00т.</p> <p>Қазақтың көрнекті ақыны, қоғам қайраткері, КСРО және Қазақ КСР мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты</p>

Жұбан Молдағалиевтің таңдамалы жыр жинағына автордың жастық шақ, туған жер, Отан, соғыс тақырыбындағы шынайы сезімге толы лирикалық өлең-жырлары, поэмалары, бір шоғыр публицистикалық, әдеби сын мақалары, ғұмыр жолынан сыр шертетін құнды фотосуреттері еніп отыр.

16.	070 M-86	<p>Мұсырман, Кәрібай Иманжанұлы. Елдің шетінде, желдің өтінде... / Мұсырман, Кәрібай Иманжанұлы. - Алматы : Нұрсәт, 2018. - 380 б. - ISBN 978-601-03-0534-2 : 1414т.29т.</p> <p>Кітапта Тәуелсіз Қазақстан Республикасының қалыптасу тарихын зерттеп жүрген ғалымдар мен зерттеушілер үшін қызғылықты деректер мол, сондай-ақ қалың оқырман қауымға ел мен жер, тіл тағдыры халқында ой саларлық салиқалы пікірлер мен толғаныстар да аз емес.</p>
17.	821.512.122 N-90	<p>Nysanalin, Alan. Omarta : Өлеңдер / Nysanalin, Alan. - Алматы : Қаламгер, 2018. - 380 б. - ISBN 978-601-03-0531-1 : 1414т.29т.</p> <p>Туған халқымыздың мәдени-рухани өмірінің өркендеп, гүлденуіне сүбелі үлес қосып жүрген қазақтың белгілі, сыншысы Аян-Сейітхан Нысаналин осы салада талмай белсенді еңбек етіп келеді. Ол-жиырмадан аса жыр жинақтарының авторы. Ертеңге елеңдеген еліміздің басты басылымдарында қалтқысыз қызмет еткен жылдары ұлттық әдебиет пен өнер құбылыстарына жиі араласып айқын азаматтық ұстанымынан әлі күнге дейін айырылған жоқ.</p>
18.	821.512.122 O-65	<p>Оразбеков, Тілеутай Оразбекұлы. Анама хат : Тарихи танымдық жазбалар мен өлеңдер жинағы / Оразбеков, Тілеутай Оразбекұлы. - Астана, 2017. - 90 б. : сурет. - Сыйға алынды. - Библиогр.:б.88-89. - ISBN 978-601-7524-20-5 : 90т.00т.</p> <p>Бұл саналы ғұмырын ұлағатты ұстаздыққа, үлгілі басшылық қызметке арнаған Тілеутай Оразбековтың төртінші кітабы. Осы тарихи танымдық жазбалар мен өлеңдер жинағына, автордың бұған дейін жарық көрген «Ұлылықты тірілігінде таныңдар!», «Аңсау», «Туған елдің түтіні» атты кітаптарындағы кейбір әңгімелер, оқырмандар назарына, тың деректермен толықтырылып</p>

қайта ұсынылумен қатар, жақын арада тарихи зерттеулерге негізделіп баспа беттерінде жарияланған әңгімелер енгізілді.

Рымжанов, Таупық.

Гүл ағашы : Ертегі-хикаят / Рымжанов, Таупық; Ред. алқасы: Шәкен Күмісбайұлы, Сұлтан Қалиұлы, Сейфолла Оспан, Болат Үсенбаев. - Алматы : Балалар әдебиеті , 2018. - 320 б. - ISBN 978-601-252-094-1 : 1716т.00т.

19. 821.512.122-93
P-93

«Гүл ағашы» ертегі-хикаятының алға койған мақсаты — шайтан, пері, адамзат арасындағы шиеленіскен тартыс үстінде оқырманға олардың, тәрбиелік мәнін ашып беру. Перілер басынан жағымды да, жағымсыз да кылықтар байқалып отырса, шайтандарды тек жағымсыз істер төңірегінен көруге болады. Ал, ертегінің негізгі кейіпкері — адамзат ұрпағы жас Қарабек бастапқыда ат басындай алтынға бола шайтандардан алданып калып, ақыры, пері қызы Шәки-Жамалдың, жылан патшасы Мәлік-Ғафилдің көмегімен шайтандарды жеңеді. Ертегі-хикаят ақ пен қаранын күресі үстінде ақ жеңіп, қара жеңіліп, ертегі үлгісімен аяқталады.

Саинова, Г.

Вермитехнология өнімдерінің болашағы : Монография / Г. Саинова, А.Ж. Ақбасова, О.Ә. Исақов. - Алматы : Нұрлы Әлем, 2017. - 232 б. : кесте. - Сыйға алынды. - Библиогр.: б.207-229. - ISBN 978-601-205-573-3 : 232т.00т.

20. 631
C-16

Монографияда ауылшаруашылығы және басқа да өндірістік қалдықтарды қызыл калифорниялық құрттарды қолдану арқылы вермитехнологиялық өндеу әдісінің ғылыми негіздері, жаңа биологиялық белсенді органикалық-минералдық препараттар алу тәсілдері, оларды бүлінген топырақтардың құнарлығын қалпына келтіру мен залалсыздандыруға қолдану жолдары, сонымен қатар алынған препараттарды малшаруашылығы саласында дезинфекциялау, емдеу, жемдік қоспалар дайындау және т.б. жұмыстарға қолдануға болатын мүмкіндіктер қарастырылған.

Сақ, Қайрат.

Алаш көсемсөзі: шаруашылық мәселесі : Көптомдық. Т.4 / Сақ, Қайрат; Құраст. Эльмира Ерікқызы. - Алматы :

21. 94
C-17

Қазақ энциклопедиясы, 2018. - 400 б. - ISBN 978-601-80680-4-1- (Т.4). - ISBN 9965-883-98-5 : 1650т.00т.

XX ғасырдың басында қаймана қазақтың қамын ойлап, ұлт азаттық күресінің көрігін қыздырған алаш зиялылары елдік мүдденің бір тұтқасы ретінде ел ішінде кәсіпкерлікті дамыту жолдары мен шаруашылық ісін жүргізудің тиімді үлгілерін өз көсемсөздеріне арқау етті. Егін егу, мақта шаруашылығын жетілдіру, мал тұқымын асылдандыру, өндіріс орындарын ашу секілді кәсіп көздеріне қатысты мәселелердің түйінін шешу мақсатындағы ой-тұжырымдары бүгінгі күні де құнды. Жинаққа алаш көсемсөзшілерінің XX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басында калың оқырманмен қауышқан казактың тұңғыш газет-журналдарында жарық көрген кәсіпкерлік пен шаруашылық жайында жазылған құнды туындылары мен тақырыпқа қатысты мұрағат материалдары топтастырылып отыр. Кітап ел экономикасының өсу жолдарын зерттеушілерге, алаштанушылар мен алаш публицистикасына қызығушылық білдіретін жалпы оқырман қауымға, сонымен бірге «журналистика» мамандығы білімін алушыларға арналады.

Сарсенбаева, Зәуре Нұруллақызы.

Этнос және құндылықтар / Сарсенбаева, Зәуре Нұруллақызы. - Алматы, 2018. - 312 б. : сурет. - Сыйға алынды. - Библиогр.: б.293-304. - ISBN 978-601-06-4936-1 : 312т.00т.

22. 130
С-22

Жұмыста этностың құндылықтың болмысының онтологиялық негіздері және оның дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі, сонымен қатар қазіргі кезеңнің жаһанданулық және жаңғырулық үдерістерінің аясындағы құндылықтық өлшемінің ерекшелігі қарастырылады. Автор әлеуметтік-философиялық, тарихи-философиялық және аксиологиялық тұрғыларға сүйене отырып, этносфера мен мәдениеттің дамуындағы құндылықтық қатынастардың рөлін бағамдайтын этникалықтың онтологиясын тұжырымдап, зор әлеуметтік қуатқа ие этностың құндылықтық өлшемдерінің бірегейлігін өрнектей алған.

23. 821.512.122
Т-93

Тілегенов, Бекежан.

Шығармалар жинағы. : Роман. Т.1 : Сексен алтыншы

жыл / Тілегенов, Бекежан. - Алматы : Ел-шежіре, 2018. - 320 б. - ISBN 978-601-7912-10-9. - ISBN 978-601-7912-09-3 : 1178т.57т.

Көрнекті қазақ жазушысы Бекежан Тілегеновтың көп томдық шығармалар жинағының бірінші томына «Сексен алтыншы жыл» атты романы еніп отыр. Осы уақытқа дейін жарияланбаған бұл шығармада Желтоқсан көтерілісінің туына себепкер болған саяси-қоғамдық жағдай мен адамдардың тағдыры, жалған идеяның жандайшабы болған аға буын өкілдері мен жас буынның арасындағы тартыс талқысы шынайы суреттелген. «Сексен алтыншы жыл» романы - қаламгердің көркем шығарма саласындағы шоқтығы биік шығармасы. Бекежан Тілегеновтың бұл романын оқи отырып, оқырман қауым қазақ тарихындағы қайғылы да қастерлі Желтоқсан оқиғасының қарсаңында қалыптасқан қысаң жағдай туралы жан-жақты дерек ала алады.

24.	821.512.122 Т-93	<p>Тілегенов, Бекежан. Шығармалар жинағы. : Роман-толғау (айтылмай келген шындық). Т.2 : Тұйық өмірдің құпиясы / Тілегенов, Бекежан. - Алматы : Ел-шежіре, 2018. - 328 б. - ISBN 978-601-7912-11-6. - ISBN 978-601-7912-09-3 : 1178т.57т.</p> <p>Бекежан Тілегеновтің шығармалар жинағының II томына саясаттың қолшоқпары болған, бақталастық пен биліктің соңына түскен жандардың өмірі, өзі куә болған жағдайлар толық қамтылған «Тұйық өмірдің құпиясы» атты толғау-эссесі еніп отыр. Жазушының «Тұйық өмірдің құпиясы» атты роман-толғауынан басқа шығармалары осы уақытқа дейін баспадан жеке кітап болып шыққан жоқ.</p>
25.	343 Т-53	<p>Тоқыбаев, Зайрулла Сембайұлы. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару құқығы : Дәрістер курсы / Тоқыбаев, Зайрулла Сембайұлы, Алтайбаев, Совет Қапашұлы; Д.Т, Кенжеттаевтың жалпы редакциялаумен дайындалған; ҚР ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы . - Қарағанды , 2017. - 201 б. - ISBN 978-601-7881-32-0 : 200т.00т.</p>

		<p>Дайындалған дәрістер курсы қылмыстық жазаны атқару, сотталғандардың түзелу жолына түсуіне ықпал ететін шаралар жайлы көптеген мағлұмат береді. Бұл құрал сонымен бірге Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару құқығы курсының бағдарламасы бойынша заңгерлік жоғары оқу орындарындағы студенттер мен курсанттардың осы пән бойынша семинарлық сабақтарға дайындалуға және тәжірибедегі қызметкерлер үшін іс-тәжірибеде пайдалануға арналады.</p>
		<p>Тұрысов, Еркінбек. Бәйдібек / Тұрысов, Еркінбек. - Алматы : ҚазАқпарат, 2018. - 570 б. - ISBN 978-601-03-0499-4 : 2376т.00т.</p>
26.	821.512.122 Т-86	<p>Белгілі жазушы Еркінбек Тұрысовтың бұл кітабына қазақ елінің бірлігін сақтап, біртұтас іргелі халық болып қалыптасуына зор еңбек сіңірген би, әрі шешен, әрі батыр, қайраткер Бәйдібек би Қарашаұлы жайлы тарихи деректерге негізделген аңыз әңгімелері мен хикаяттары, ұлы тарихи тұлғалар Шыңғыс хан, Ақсақ Темір жайлы хикаяттары еніп отыр.</p>
27.	37 Ұ-81	<p>Ұстаз: Мұсахан Қанапияұлының өмірі мен қызметі = Учитель: жизнь и деятельность Мусахана Канапьянова / Құраст.:Б.Хабдина, Б.Қанапиянов. - Алматы : Жібек жолы, 2018. - 776 б. : сурет. - (Рухани жаңғыру). - Мәтін қазақ, орыс тілдерінде. - ISBN 978-601-294-270-5 : 5206т.22т.</p>
		<p>Халық мұғалім Мұсахан Қанапияұлының (1918-1962) туғанына биыл жүз жыл толады. Белгілі педагогтің өмірі мен қызметіне арналған бұл кітапта оның еңбектері, күнделіктерімен қатар, көптеген шәкірттерінің естеліктері топтастырылған.</p>
28.	373 Ш-40	<p>Шежірелі шаңырақ. Т.2. - Алматы : Қазақ энциклопедиясы , 2018. - 236 б. : сурет. - Мәтін қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. - ISBN 978-601-80-664-5-8 : 2006т.40т.</p>
		<p>Оқырманға ұсынылып отырған бұл кітап мұның алдында жарық көрген мектептің соңғы онжылдық жетістіктерін баяндайтын мерейтойлық басылымның жалғасы іспеттес. 70 жыл аясында мектептің ұстаздар ұжымы республикамыздағы дарынды балаларға кәсіби-</p>

музыкалық білім беруде, дамытуда қыруар еңбектер атқарды. Соның арқасында мектеп шәкірттері республикалық халықаралық сындарлы байқауларда шығармашылық жетістіктерге қол жеткізіп, жеңіс тұғырларына көтерілді.

Шындық деп өткен жан еді : Жазушы, дәрігер Зейін Шашкинге арналады / Құраст. Қ.З.Шашкина. - Алматы : Айғаным, 2018. - 570 б. - ISBN 978-601-03-0530-4 : 2121т.43т.

29. 821.512.122.092
Ш-97

Белгілі жазушы, дәрігер Зейін Шашкин туралы бұл жинаққа оның замандастары мен әріптестерінің, дос-жарандарының қаламгер туралы лебіздері мен естеліктері, әдеби туындылары, сыни мақалалары, хаттары еніп отыр.